

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысының су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" 2017 жылғы 24 ақпандағы № 52 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 28 ақпандағы № 47 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 7 наурызда № 7496-07 болып тіркелді

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің "Батыс Қазақстан облысының су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы" 2017 жылғы 24 ақпандағы № 52 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4713 болып тіркелген) келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Н. Турегалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрлігі Су ресурстарын реттеу,
қорғау және пайдалану комитетінің
Су ресурстарын реттеу, қорғау және
пайдалану жөніндегі
Жайық-Каспий бассейндік
инспекциясы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау министрлігінің
 санитариялық-эпидемиологиялық
 бақылау комитеті
 Батыс Қазақстан облысының
 санитариялық-эпидемиологиялық
 бақылау департаменті

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
 2025 жылғы 28 ақпандағы
 № 47
 қаулысына 1-қосымша
 Батыс Қазақстан облысы
 әкімдігінің 2017 жылғы
 24 ақпандағы №52 қаулысына
 1-қосымша

Батыс Қазақстан облысы су объектілерінің су қорғау аймақтары мен белдеулері

| № | Су объектісі , оның учаскелері | Орналасқан жері (елді мекен) | Шекарасын ың ұзындығы (километр) | Су қорғау аймағы | | Су қорғау белдеуі | |
|--|--------------------------------------|---|--|------------------|------------|-------------------|------------|
| | | | | Ауданы (гектар) | Ені (метр) | Ауданы (гектар) | Ені (метр) |
| "Батыс Қазақстан облысының Шалқар көлінің және Орал қаласының шегіндегі Жайық, Шаған өзендерінің сәйкесінше 9 километр, 5 километр су қорғау аймақтары мен белдеулері жобасы" жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 1 | Шалқар көлі | Теректі ауданының Сарыөмір ауылы | 57 | 5844 | 500 | 2990 | 50-50 |
| "Жайық өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулері жобасы" жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 2 | Жайық өзені | мемлекеттік шекарадан Атырау облысының шекарасына дейін | 872,74 | 36819,997 | 500-2000 | 6154,3767 | 35-55 |
| Шаған өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 3 | Шаған өзені | мемлекеттік шекарадан өзеннің сағасына дейін | 91,05 | 8502,53 | 500-600 | 1202,51 | 35-100 |
| Деркөл өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| | | Тасқала ауданы Вавилин | | | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|--|--|-----------|---------|-----------|--------|
| 4 | Деркөл өзені | ауылынан өзеннің сағасына дейін | 206,131 | 18526,77 | 500-550 | 2303,76 | 35 |
| Үлкен Өзен өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 5 | Үлкен Өзен өзені | мемлекеттік шекарадан өзеннің сағасына дейін | 273,8 | 30365,497 | 500-600 | 7373,6212 | 35-42 |
| Айдархан су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 6 | Айдархан су қоймасы | Казталов ауданы, Үлкен Өзен өзені | 22,921 | 3060,6036 | 500 | 1926,9386 | 35 |
| Сарышығанақ су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 7 | Сарышығанақ су қоймасы | Казталов ауданы, Үлкен Өзен өзені | 16,739 | 2875,20 | 500 | 1998,5042 | 35 |
| Кіші Өзен өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 8 | Кіші Өзен өзені | мемлекеттік шекарадан өзеннің сағасына дейін | 407,3 | 40008,02 | 500-600 | 7978,4837 | 35-100 |
| Утва өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 9 | Утва өзені | Шыңғырлау және Бөрлі аудандары | 312 | 33745,048 | 500 | 4330,8456 | 35-42 |
| Желаев карьерінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 10 | Желаев карьері (кадастрлық нөмірі 08-118-115-821, 08-118-115-082, 08-118-115-859, 08-118-951-030, 08-118-955-415, 08-118-952-066) | Бәйтерек ауданының Трекин ауылдық округі | Су айдынынның шығыс жағалауы № 1 - 1,002; Су айдынынның батыс жағалауы № 2 – 0,432 | 36,75 | 300 | 11,99 | 35 |

| | | | | | | | |
|---|-----------------------|--|--------|----------|-----|----------|-------|
| 19 | Солянка өзені | Теректі және Ақжайық аудандары | 56,5 | 7662,80 | 500 | 724,76 | 35-38 |
| Ядовитое көлінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 20 | Ядовитое көлі | Орал қаласы мен Теректі ауданы | 9,156 | 331,61 | 500 | 70,24 | 35 |
| Бағырлай жырасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 21 | Бағырлай жырасы | Ақжайық ауданы | 158 | 15580,4 | 500 | 1357,07 | 35-41 |
| Қарасу жырасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 22 | Қарасу жырасы | Казталов ауданы | 11,43 | 1167,8 | 500 | 83,28 | 35 |
| Ембулатовка өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 23 | Ембулатовк а өзені | Бәйтерек ауданы | 70,249 | 5374,24 | 500 | 548,26 | 35-40 |
| Өлеңті өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 24 | Өлеңті өзені | Сырым және Ақжайық аудандары | 239,7 | 21427,08 | 500 | 2056,897 | 35-40 |
| Қалдығайты өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 25 | Қалдығайты өзені | Қаратөбе және Шыңғырлау аудандары | 278 | 23467,07 | 500 | 1998,12 | 35-40 |
| Шаған арнасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 26 | Шаған арнасы | Орал қаласы және Бәйтерек ауданы | 50,7 | 4760,35 | 500 | 404,47 | 35-50 |
| Қараоба өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 27 | Қараоба өзені | Теректі және Бөрлі аудандары | 75,639 | 6884,36 | 500 | 1539,97 | 100 |
| Балықты Сакрыл су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| | | | | | | | |

| | | | | | | | |
|--|---------------------------------|--|--------|-----------|---------|---------|--------|
| 28 | Балықты Сакрыл су қоймасы | Казталов ауданы | 22,092 | 1144,57 | 500 | 221,09 | 100 |
| Бітік су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 29 | Бітік су қоймасы | Ақжайық ауданы | 12,524 | 674,28 | 500-550 | 127,09 | 100 |
| Дөңгелек су қоймасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 30 | Дөңгелек су қоймасы | Ақжайық ауданы | 30,146 | 1336,77 | 500-550 | 277,014 | 100 |
| Грачи 1 өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 31 | Грачи 1 өзені | Ақжайық ауданы | 57,708 | 5880,81 | 500 | 1114,18 | 100 |
| Грачи 2 өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 32 | Грачи 2 өзені | Ақжайық ауданы | 58 | 5743,49 | 500 | 1174,17 | 100 |
| Ащыөзек өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 33 | Ащыөзек өзені | Жәнібек және Казталов аудандары | 281 | 21896,64 | 500 | 1958,46 | 35 |
| Шолақаңкаты өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 34 | Шолақаңкаты өзені | Сырым және Теректі аудандары | 79 | 7578,83 | 500 | 1048,55 | 35-100 |
| Рубежка өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 35 | Рубежка өзені | Бәйтерек ауданы | 65 | 4381,7249 | 500 | 686,173 | 35-100 |
| Быковка өзенінің (Кіші Быковка саласымен бірге) су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 36 | Кіші Быковка өзені | Бәйтерек ауданы | 76,276 | 6983,40 | 500 | 1605,51 | 35 |
| Вильная жырасының су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 37 | Вильная жырасы | Бәйтерек ауданы | 20,263 | 2318,5 | 500 | 455,111 | 35 |
| Крутая өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | | |
| 38 | Крутая өзені | Бәйтерек ауданы | 57,941 | 4756,0 | 500 | 645,80 | 35 |

| | | | | | | | |
|----|--|-----------------|--------|--------|-----|-------|----|
| | Кіші Ембулатовка өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу жөніндегі жобалық құжаттамасы бойынша | | | | | | |
| 39 | Кіші Ембулатовка өзені | Бәйтерек ауданы | 37,936 | 3300,6 | 500 | 782,8 | 35 |

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2025 жылғы 28 ақпандағы
№ 47
қаулысына 2-қосымша
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2017 жылғы
24 ақпандағы №52 қаулысына
2-қосымша

Су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылықта пайдалану режимі

1. Су қорғау белдеулерінің шегінде:

1) су объектілерінің сапалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;

2) су шаруашылығы және су жинайтын құрылысжайлар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылысжайларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көліктік инфрақұрылым, кәсіпшілік балық өсіру объектілерін, балық өсіру шаруашылықтары мен олардың коммуникацияларын орналастыруға және қызмет көрсетуге байланысты балық өсіру объектілерін, балық шаруашылығы технологиялық су айдындарын, жаңартылатын энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектілерін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, демалыс және (немесе) сауықтыру мақсатындағы ғимараттар мен құрылысжайларды салмай, ғимараттар мен құрылысжайларды салуға және пайдалануға;

3) бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін беруге;

4) су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылыстармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

5) жекелеген учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жыртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);

6) шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;

7) пестицидтер мен тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады

2. Су қорғау аймақтарының шегінде:

1) су объектілерін және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға беруге;

2) ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, кәбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдармен, бассейндік инспекциялармен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;

3) тыңайтқыштар, пестицидтер, мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберханаларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылғыны, аппаратураларды пестицидтермен толтыратын алаңдарды, авиациялық-химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;

4) мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

5) жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғыту мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;

6) су көздеріндегі су кемерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін пестицидтермен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;

7) концентрациясының жол берілетін шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға, қардың үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ залалсыздандырылмаған көң қосылған сарқынды суды және тұрақты хлорорганикалық пестицидтерді тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда уыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.